



Шет елдегі инновациялық кәсіпкерлік қызметінің тәжірибесі

Орындаған: Есенгелді.М

Қабылдаған: Иляшова Г

Инновация - жаңа практикалық әдісті тарату және қолдануды құрудың комплекстік үрдісі немесе ғылыми-техникалық шешімнің, адамдардың, ұсыныстапдың, жаңа идеялардың тәжірибеге енуі, іске асырылуы және де соңында қолданылуы. “Жаңалық енгізу” - бұл жаңа техника мен технологияны меңгеру, басқару мен ұйымдастырудың жақсарған әдістері.

• Циклдық теорияны жасауда айырықша орынды Николай Дмитриевич Кондратьев (1892-1938 жж.) алады. Ол Петербург университетінің түлегі, кейіннен сонда профессор болған. Экономика институты ғылыми кеңесінің мәжілісінде 1926-шы жылы 6-шы акпанда жасаған «Конъюктураның үлкен циклдары» баяндамасы оған әлемдік атақ әкелді.



Іргелі саты

- Й.Шумпетер 1939 жылғы өзінің «Экономикалық циклдер» кітабында инновациялық процестер теориясының негізгі ұғымдарын зерттеген. Ол инновациялық процесті – бұл даму деп санаған, ал даму – бұл келесі жағдайларда «жаңа комбинацияларын жүзеге асыру»: жаңа тауар өндіру, шикізат пен материалдардың жаңа көзін пайдалану, жаңа нарыққа шығу, жаңа ұйым.



Бөлшектеу сатысы

Бұрын қалыптасқан инновациялық идеяларды қолданбалы зерттеулер негізінде дамыту

XX ғасырдың 40-70 жылдарын қамтиды

Теориялық серпіліс

Инновация классификациясын жасауға деген жаңа көзқарастар, ұлттық және аймақтық инновациялық жүйелердің тұжырымдарын жасау

XX ғасырдың 70 жылдары

Қазіргі саты

Инновациялық
саясат мәселелерін
қарастыру

Шет елдегі кәсіпкерлік

- Әлемдік шаруашылық жүйеде, Бірікен ұлттар ұйымы мәліметтері бойынша, шағын және орта кәсіпорындар еңбекке қабілетті халықтың 50%-на дерлік жұмыс беруші болып табылады. Жапония, Италия, Швейцария сияқты елдерде шағын кәсіпорындарды жұмыс күшінің көп бөлігі шоғырланған.
- Шағын кәсіпкерлік секторы жылдамдылығымен инновациялық белсенділігімен, икемділігімен және тез арадағы жаңа өндіріс пен жұмыс орындарын құру қабілеттілігімен және т.б. ерекшеленеді.

Қытай

- Қытайдың 2006-2020 жылдарға арналған ұлттық экономикалық даму бағдарламасы негізгі көңілді 11 маңызды секторларды дамытуға, оның ішінде телебайланыс және ІТ-саласына бөлген.
- Қытай үкіметі шағын және орта кәсіпкерлікті экономикалық өсудің ең маңызды ынталандырушысы, нарық жандандырушысы, еңбекке тарту мүмкіндігін кеңейткіші ретінде қабылдайды. Соңғы 20 жыл ішінде шағын кәсіпкерлік секторы Қытай экономикасының ажыратылмас бөлігі болды және қазіргі таңда зор көлемде жұмыс орындарын құрып, жаңа инновациялық технологияларды меңгеруден алдыңғы қатарларда.

АҚШ

Америка Құрама Штаттының (АҚШ) шағын шағын кәсіпкерлік секторында соңғы он жыл ішінде шамамен барлық инновацияның 55% және 75%-ға жуық жаңа жұмыс орындары құрылды. Бұл ретте капитал салымының тиімділігі ірі кәсіпорындарға қарағанда 9 есе жоғары



Германия

- Германияның экономика Министрлігі қабылдаған шағын және орта кәсіпорындардың (ШОК) классификациясы бойынша 499 адамға дейін жұмысбасты фирмалар жатады.
- Шағын және орта кәсіпорындардың Германияның әлеуметтік рыноктік шаруашылық жүйесінің негізін құрайды. Шағын және орта кәсіпорындардың категориясына қазіргі кезде Германияның барлық кәсіпорындарының 99,6 %-н құрайтын 3,250 мың фирмалар кіріп отыр. Олар елдің 64 %-н жұмыс орындарымен, кәсіби білімін алу мен жоғарылату вакансияларының 80%-н, салық салынатын айналымның 45,9%-н қамтамасыз етеді және жалпы инвестициялардың 44,1%-н жүргізеді.

ШОК секторына 65% патенттер,
15% техникалық
жаңашылдықтар мен 80%
Қытайдың жаңа өнімдері
жатады. Оның үлесіне бүкіл
елден түскен 46,2% салық түсімі
және Қытайдың жалпы
экспорттық көлемінің 62,3%
жатады. Оның үстіне, шағын
кәсіпорын санатына 100 адамға
дейінгі қызметкерлері бар
кәсіпорындар жатады, ал 101
адамнан 999 адамға дейінгі
қызметкерлері бар – орта
кәсіпорындар санатына жатады



Жапония

Жапон үкіметі кәсіпкерлік сектордың жаңарып тұруына және жаңа кәсіпорын ашуға көп мүмкіндіктер береді. 2003 жылы жаңадан шағын кәсіпорындарды бастапқы жарнасыз – тек бір иенмен ашуға болатын заң шықты. 32 000 кәсіпорындар осындай жолмен құрылған. Сонымен бірге, 2000 жылы шағын кәсіпорындарының банкротқа ұшырауын максималды түрде ықшамдайтын заң қабылданған. Бұл заң бойынша, егер несие берушілер пайыздарын жоғарылатса немесе тағы басқадан қорғану үшін сотқа шағымдануға рұқсат беріледі. Мемлекет кәсіпкерлерге қаржылай көмек бермесе де, құқықтық және ақпараттық қолдау көрсетеді.

Қазақстанда қолдануға болатын ең қолайлылары:

- Бизнес-инкубаторлар, инновациялық және ғылыми бақтар, технобақтар үлгісін құрудағы АҚШ, Жапония тәжірибесі
- АҚШ және т.б. өнеркәсіптік дамыған елдердің икемді франчайзинг жүйесін қолдану;
- Азия елдерінде кең қолданысқа ие экономикалық-ұйымдастырушылық тетігі ретіндегі субкелісім-шарт жүйесін қолдану және т.б.